

*Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.*

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

- сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;
- орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты

шеңберіндегі қазақстандық және/немесе тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды.

2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

– әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

– құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады;

– сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды).

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:

«Ар-ұят және жауапкершілік»

«Біздің қоғамдағы әділеттілік»

«Іс-әрекеттегі мейірімділік»

«Мейірімділік құндылығы»

«Күнделікті өмірдегі адалдық»

«Этикалық құндылықтарды дамыту»

«Отаншылдық және оның мәні»

«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»

«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»

«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»

«Қоғам игілігіне қызмет ету»

«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»

«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»

«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»

«Құқықтық мәдениет және оның маңызы»

«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет.

3. Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде:

– бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру;

– қосымша білім алуға жағдай жасау;

– тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.)

– танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізу;

– білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген түлектермен кездесу ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерделеуді көздеуі мүмкін немесе әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің

жұмысын түсінуге ықпал етеді.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б.

Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің қаһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б.

Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б.

*Жобамен жұмыс жасау барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Сонымен қатар жобалар тақырыптары ұсыным ретінде беріліп отыр.*

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

**«2023-2024 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ  
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ ХАТ**

Астана

Сынып жетекшілер Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесін негізге алады.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» білім беру ұйымдарының тәрбие ісіндегі жаңа бастамалардың туындауына себепші болады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі бағыттарды басшылыққа алады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды білімге ынталандыру мен денсаулықты сақтауға, ұлттық өнер мен мұраны қастерлеуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулитын «Тоғыз айға 9 іс-шара» ұсынылады.

Аталған іс-шаралар барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта басталады. Қатысушылар санын және қатысушылардың киімдерін әрбір білім беру ұйымы дербес анықтайды.

## 9 іс-шара

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қыркүйек** Әнұран орындау
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасыл мекен

## ҚЫРКҮЙЕК: СЕРГІТУ СӘТІ

### МАҚСАТЫ

балалардың салауатты өмір салтын насихаттау

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ физикалық, психологиялық стресті төмендетуге ықпал ету
- ✓ оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету
- ✓ балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету

### ҰСЫНЫЛАДЫ



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 08.09.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

**Сергіту сәті ЧЕЛЛЕНДЖІ** – салауатты өмір салтын насихаттау

**Бір мезгілде ӨТКІЗІЛЕДІ**, әрбір білім беру ұйымы челленджге қатысушылардың өткізу орны мен киімін дербес айқындайды

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері. Қатысушылар саны ұйымның қалауы бойынша анықталады

**ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ауа райы жағдайларын ескере отырып, өздері таңдайды

Іс шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#физкультминутка #зож

#менспроттытаңдаймын #явыбираюспорт

## ҚАЗАН: ӘНҰРАН ОРЫНДАУ

### МАҚСАТЫ

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту
- ✓ еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету
- ✓ білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 23.10.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

Білім беру ұйымының қабырғасында білім алушылар мен педагогтердің музыкамен жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді **ОРЫНДАУ**

**Бір мезгілде ӨТКІЗІЛЕДІ**, әрбір білім беру ұйымы челлендждің өтетін орны мен қатысушылардың киімін дербес айқындайды

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#гимнказахстана #әнұранорындау #мояродинаказахстан #моястрана

**ҰСЫНЫЛАДЫ**

## ҚАРАША: АСЫҚ АТУ

### МАҚСАТЫ

білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау
- ✓ қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеу
- ✓ оқушыларды асық ойынына баулу

### ҰСЫНЫЛАДЫ

ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ: 17.11.2023 ж.

УАҚЫТЫ: 12:00

Асық ату **ЧЕЛЛЕНДЖІ** – ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу

Асық ату **ЧЕЛЛЕНДЖІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**: республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары


Челлендждің **ӨТЕТІН ОРНЫН** әр білім беру ұйымы дербес таңдайды және білім алушылардың жас ерекшеліктерін, ауа райы жағдайларын ескеру маңызды

Асық ату челледжіне **«БЕС ТАБАН»**, **«БЕС АСЫҚ»** ойындары ұсынылады

**ҚАТЫСУШЫЛАР**: жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері, республиканың барлық елді мекендерінің ата-аналары және қатысушылар санын білім беру ұйымы дербес айқындайды

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#асықату #мояродинаказахстан #моястрана



## ЖЕЛТОҚСАН: ШЫҒАРМА ЖАЗУ: БОЛАШАҚҚА ХАТ

### МАҚСАТЫ

Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
- ✓ Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру
- ✓ Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 13.12.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

«Шығарма жазу: болашаққа хат» **ЧЕЛЛЕНДЖІ** барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар өз жетістіктері туралы бір уақытта шығарма жазуды ұсынады.

Челлендждің өтетін орнын әр білім беру ұйымы дербес таңдайды және қатысушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі қажет

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#моеписьмо

#моебудущее

#шығармажазу

**ҰСЫНЫЛАДЫ**

## ҚАҢТАР: ҚАЗАҚ ЕСЕБІ

### МАҚСАТЫ

білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ Білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту
- ✓ Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту
- ✓ Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету

### ҰСЫНЫЛАДЫ

**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 26.01.2024 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

«Қазақ есебі» **ЧЕЛЛЕНДЖІ** білім беру ұйымдарында бір уақытта А.Жұмаділдаевтің ұсынған есептерін шығаруды қамтиды  
Челлендждің **ӨТЕТІН ОРНЫН** әр білім беру ұйымы дербес таңдайды және білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#яматематик #математикаижизнь #есепшығару #креативноемышление



## АҚПАН: ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

### МАҚСАТЫ

Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ Білім алушының функционалдық оқу дағдысын және шығармашылық қиялын дамыту
- ✓ Білім алушының кітап оқуға қызығушылығын ояту
- ✓ Білім алушыларда оқыған кітаптарының мазмұны мен сүйікті кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 28.02.2024 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

Оқуға құштар мектеп **ЧЕЛЛЕНДЖИ** – кітап оқу мәдениетін дәріптеу

**ҰЙЫМДАСТЫРУ:** барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта білім алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқиды және басқа қатысушылармен ой бөліседі

Челлендждің **ӨТЕТІН ОРНЫН** әр білім беру ұйымы дербес таңдайды және қатысушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі қажет

«Сүйікті кітабым» көрмесін ұйымдастыру ұсынылады

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

### ҰСЫНЫЛАДЫ

**#оқуғақұштармектеп #люблючитать #моялюбимаякнига**

# НАУРЫЗ: ДОМБЫРАШЫЛАР

## МАҚСАТЫ

Білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тартуды насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау

## МІНДЕТТЕРІ

- ✓ қазақ халқының музыка өнерін дәріптеу
- ✓ орындау дағдысын қалыптастыру
- ✓ қазақ халық аспаптарының тембрлі дыбысы туралы білімдерін кеңейту
- ✓ домбыра тартуда музыкаландырудың ұжымдық түрін жетілдіру

## Ұсынылады



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 17.03.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

**Домбырашылар ЧЕЛЛЕНДЖІ** – балалар мен жастардың, ұстаздар мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны насихаттау

Орындалатын шығармалар: «САРЫАРҚА», «БАЛБЫРАУЫН», «АДАЙ» КҮЙЛЕРІ»

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері. Қатысушылар саны ұйымның қалауы бойынша анықталады

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#қазақкүйі #домбырашылар #домбристиы #күйойнайдытөрімде

# СӘУІР: ШАХМАТ ОЙНАУ

## МАҚСАТЫ

білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту

## МІНДЕТТЕРІ

- ✓ білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру
- ✓ білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту
- ✓ челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту
- ✓ еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 12.04.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

**Шахмат ойнау ЧЕЛЛЕНДЖ** – білім алушылардың зияткерлік қабілетін шахмат ойыны арқылы дамытуды дәріптеу

**Шахмат ойнау ЧЕЛЛЕНДЖІ** барлық білім беру ұйымдарында бір мезетте басталады және қатысушыларының киімдерін, санын әрбір білім беру ұйымы өз бетінше анықтайды

Шахмат ойнау **ЧЕЛЛЕДЖІ «ФИДЕ»** ережесіне сәйкес ұйымдастыру ұсынылады

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері. Қатысушылар саны ұйымның қалауы бойынша анықталады

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#игравшахматы

#шахматистыказахстана #шахматойыны

**ҰСЫНЫЛАДЫ**

## МАЙ: ЖАСЫЛ МЕКЕН

### МАҚСАТЫ

білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу

### МІНДЕТТЕРІ

- ✓ қоршаған ортаға қамқорлық сезімін ояту
- ✓ табиғатқа ұқыптылықпен қарауын дамыту
- ✓ еңбекке деген құрмет сезімін ояту

### ҰСЫНЫЛАДЫ



**ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ:** 12.05.2023 ж.

**УАҚЫТЫ:** 12:00

«Жасыл мекен» **ЧЕЛЛЕНДЖІ** – білім алушыларға еңбек әрекетіне белсене араласуды мен қоршаған ортаға деген қамқорлығын көрсетуді дәріптейді

**Бір мезгілде ӨТКІЗІЛЕДІ**, әрбір білім беру ұйымы челленджге қатысушылардың өткізу орны мен киімін дербес айқындайды

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері. Қатысушылар саны ұйымның қалауы бойынша анықталады

Іс-шараның **АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

#заботаоприроде #посадкадерева

#жасылмекен #еңбекқорлық